

ПРОТОКОЛ

пресс-тура по исполнению утвержденной инвестиционной программы Товарищества с ограниченной ответственностью «Жылыойгаз» на 2015 год.

г.Кульсары

07 октября 2016 года, время 14.00

Организатор пресс-тура:

Департамент Комитета РК по регулированию естественных монополий и защите конкуренции по Атырауской области

В пресс-туре участвовали:

Заместитель руководителя Департамента Комитета РК по регулированию естественных монополий и защите конкуренции по Атырауской области Сабиров А.А., руководитель организационного отдела Департамента Купбергенова К.Н., заместитель акима города Кульсары Аккусов Е., руководитель отдела жилищной инспекции Жылыойского района Баселов С., и.о. первого заместителя председателя Жылыойского районного филиала партии «Нур Отан» Шымырбай Е., руководитель отдела Аппарата Жылыойского районного Маслихата Бектембаева Н.М., депутаты Жылыойского районного Маслихата Мамбетова С.Т, Муканов А., редактор газеты «Құлсары» Сисенбердиев А., директор ТОО «Жылыойгаз» Ермакова Ж.К., главный инженер ТОО «Жылыойгаз» Жакашев Г.М.

ПОВЕСТКА ДНЯ:

- 1.Отчет директора по исполнению утвержденной инвестиционной программы ТОО «Жылыойгаз» на 2015 год.
- 2.Посещение производственных объектов ТОО «Жылыойгаз», реконструируемых и модернизируемых в рамках исполнения утвержденной инвестиционной программы на 2015 год.

ВЫСТУПИЛИ:

- 1.Директор ТОО «Жылыойгаз» Ермакова Ж.К., поприветствовав присутствующих, объявила пресс-тур открытым.
2. Заместитель руководителя Департамента Комитета РК по регулированию естественных монополий и защите конкуренции по Атырауской области Сабиров А.А., выступил с приветственной речью, обозначив цели и задачи проводимого пресс-тура.
- 3.Директор ТОО «Жылыойгаз» Ермакова Ж.К., выступила с докладом по итогам исполнения утвержденной инвестиционной программы на 2015 год (доклад прилагается к протоколу).
- 4.После доклада директора ТОО «Жылыойгаз» Ермаковой Ж.К., с речью выступила депутат Жылыойского районного Маслихата Мамбетова С.Т.:

Уважаемые присутствующие!

Выражаю благодарность Департаменту Комитета РК по регулированию естественных монополий и защите конкуренции по Атырауской области за организацию пресс-тура и руководству ТОО «Жылыойгаз» за подробный отчет об исполнении

инвестиционной программы. С каждым годом Вы обновляете основные фонды, тем самым улучшая качество предоставляемых услуг.

Являясь народным депутатом, в первую очередь я должна думать о социальной стороне жизни народа. Выступая против любого повышения коммунальных платежей, хочу обратиться с предложением по поводу ежегодного повышения отпускной цены на товарный газ на 2,5 % со стороны ТОО «Тенгизшевройл». Предлагаю подготовить обращение к депутатам Маслихата о вмешательстве в вопросы о ценовой политике ТОО «Тенгизшевройл». В свою очередь мы обратимся с депутатским запросом в последующие инстанции.

Ответ директора ТОО «Жылыойгаз» Ермаковой Ж.К.:

Благодарю за проявленный интерес к вопросу о повышении отпускной цены поставщика товарного газа. Мы подготовим обращение в ближайшее время.

5. Заместитель руководителя Департамента Комитета РК по регулированию естественных монополий и защите конкуренции по Атырауской области Сабиров А.А., сделал краткое заключительное выступление:

Уважаемые присутствующие!

Так как затраты на инвестиционную программу составляют 50% всех расходов Товарищества, очень важно отслеживать и контролировать расходы на исполнение инвестиционных обязательств. Для обеспечения контроля и прозрачности деятельности субъекта, мы организовали пресс-тур, пригласив местную исполнительную власть и депутатов, как представителей населения.

Хочу поблагодарить Вас за участие в пресс-туре. Надеюсь Вы получили полную информацию.

6. Других вопросов и письменных предложений от участников пресс-тура не поступило.

7. Директор ТОО «Жылыойгаз» поблагодарив участников пригласила посетить производственные объекты ТОО «Жылыойгаз» в поселке Косшагыл, селах Тургызба и Шокпартогай.

Протокол вела Г.А.Бабакулова

«Жылыойгаз» ЖШС 2015 жылғы қызметі бойынша хабарлама

«Жылыойгаз» ЖШС ҚР табиғи монополияларды реттеу Агенттігінің Атырау облысы бойынша Департаменті директорының 19 наурыз 2009 жылғы №65-ЖҚ бұйрығына сәйкес табиғи газды тұтынушыларға таратушы газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметі бойынша табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тізімінің жергілікті бөліміне енгізілген және осы саладағы қызметін 2009 жылдың 1 мамырынан бастаған болатын.

1. Инвестициялық бағдарлама және оның орындалуы.

Жалпы, ҚР Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясында» қуат көздерін өндіретін және тасымалдайтын кәсіпорындардың құрал-жабдықтарын жаңарту үшін инвестиция көлемін арттыру қажеттігі, және табиғи монополия саласындағы қызметтерге тарифтердің өсуі тек монополистер ғана емес, ұлттық экономика тұрғысынан да қажетті және дәлелді екендігі атап көрсетілген болатын. Және де тарифтерді жасанды ұстау саясатынан бас тарту керектігі, оның орнына тарифтерді реттеудің оңтайлы саясатына көшу керектігі айтылған.

Осы бастаманы қолдау мақсатында «Жылыойгаз» серіктестігі де 2010-2015 жылдар аралығында бірнеше жобадан тұратын екі инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырды, үнемделген қаражатқа қосымша жұмыстар да атқарды.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Атырау облысы бойынша Департаментінің 2014 жылғы 03 маусым айындағы №62-НҚ және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2014 жылғы 29 шілде айындағы №314 -НҚ **Бірлескен бұйрығына** сәйкес «Жылыойгаз» ЖШС-нің 2013-2015 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы түзетулермен бекітілген.

2015 жылға бекітілген инвестициялық бағдарлама 2 бағытты қамтыды:

I бағыты – Тозығы жетіп, апаттық жағдайда тұрған Қосшағыл поселкесінде орналасқан №1 және №6 газ реттегіш пункттерін жаңа үлгідегі шкафты газ реттегіш пункттерімен ауыстыру.

Шкафты газды реттегіш пункт - газ қысымын төмендету үшін және газды бөліп таратушы тораптарда оны берілген деңгейде ұстап тұруға арналған шкафты орындаудағы технологиялық құрылғы. Сонымен қатар, ШГРП тұтынушыларға табиғи газды қауіпсіз жеткізуге мүмкіндік беретін құрылғы.

Жалпы жұмсалған сома – 5 592,055 мың теңге ҚҚС қоспағанда.

II бағыты – Тозығы жетіп тұрған «Құлсары – Теңіз» автожолымен - Тұрғызба селосы аралығындағы және Тұрғызба селосымен - Шоқпартоғай селосы аралығындағы, қимасы 219 мм, жалпы ұзындығы 12 568 метр жер үсті орта қысымды газ құбырларын қайта жаңғырту.

Газ құбырларын қайта жаңғырту мақсатында «Құлсары – Теңіз» автожолымен - Тұрғызба селосы аралығындағы және Тұрғызба селосымен - Шоқпартоғай селосы аралығындағы жер үсті орта қысымды газ құбырлары жер асты орта қысымды полиэтилен құбырларына ауыстырылды. Полиэтилен құбырлары күн көзін жібермейді, коррозияға көп ұшырамайды. Жерге төселетін құбырлардың пайдалану мерзімін ұзарта түсуге тигізетін септігі мол. Полиэтилен құбырлардың қызмет көрсету мерзімі темір құбырларға қарағанда отыз – қырық жылға артық. Темір он жылдан соң даттанып, қақсып, шіритін болса, полиэтилен құбырларды елу жылға дейін ауыстырмай

пайдалануға болады. Заманауи технологияларды пайдалана отырып, салынған жаңа газ құбырлары экологияға зиянсыз. Бұл да өте маңызды.

Инвестициялық бағдарламаның аясында орындалған іс-шаралар нәтижесінде газ ысырабы және апаттық жағдайлардың саны азайды, негізгі құралдардың физикалық тозығы төмендеді.

Жалпы жұмсалған сома – 75 281,060 мың теңге ҚҚС қоспағанда.

2015 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында «Жылыойгаз» ЖШС реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезіндегі шығындарды ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алу қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2011 жылғы №1467 Қаулысына сәйкес, сатып алу жұмыстары ұйымдастырырылып, сәйкесінше жеңімпаз әлеуетті жеткізушілермен келісім-шарт жасақталып, бекітілген шаралар орындалды.

Және 2016-2020 жылдарға арналған жаңа инвестициялық бағдарламаны дайындады, ол тиісті тәртіппен Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Атырау облысы бойынша Департаментінің 19 маусым 2015 жылғы №103-НҚ бұйрығымен бекітілді.

2016-2020 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаның жалпы сомасы – 475 284,72 мың теңге. Оның ішінде:

2016 жылға – 110 261,55 мың теңге;

2017 жылға – 102 628,06 мың теңге;

2018 жылға – 100 237,77 мың теңге;

2019 жылға – 100 237,77 мың теңге;

2020 жылға – 61 919,57 мың теңге.

Инвестициялық бағдарлама шеңберіндегі жобалық-сметалық құжаттар арнайы сараптамадан өткізіліп, сараптамалық қорытындысы алынған.

Инвестициялық жобалар жөніне нақтырақ айтар болсақ, 2017-2019 жылдар аралығында Құлсары қаласындағы 2 автоматты газ тарату бекетін жаңа үлгісіне ауыстыру жоспарланған. Сатып алу құнының өзі 400 951,08 мың тг құрайтындықтан, әр бекетті 2 жыл ішінде бөліп төлеу арқылы сатып алатын боламыз.

2020 жылға Құлсары қаласындағы 5 ықшам ауданнан өндірістік аймақта орналасқан «Жылыойстройсервис» ЖШС аралығында жер үсті орта қысымды қимасы 325 мм газ құбырын қайта жаңғырту жұмыстары. Жалпы ұзындығы 1 885,6 метр газ құбырын қимасы 110-315 мм полиэтилен құбырға ауыстырып, жердің астымен жүргізу жоспарланған және бұл жұмыстың жалпы сомасы 39 372,24 мың теңге.

Сонымен қатар, аудан көлемінде жаңа игерілмеген жерлерден жер телімдері бөлініп, жеке тұрғын үйлер салынып тағы да басқа өндірістік-әлеуметтік құрылыстардың көбеюіне байланысты жаңа газ жүйелерін тарту мен қосымша жаңа газ реттегіш қондырғылар орнату қажеттігі туындауда. Атап айтқанда, Жаңа-Қаратон, Қосшағыл, Тұрғызба елді мекендерінің игерілмеген жаңа аймақтарына орта қысымды газ құбырын жүргізіп шкафтық газ реттегіш пунктін орнату жоспарланып, 18 099,46 мың тг қаражат қарастырылған.

Нақты 2016 жылға жоспарымыз жаңа автоматты газ тарату бекетін сатып алу шартын жасасып, жартылай төлем жасау. Сатып алу жұмыстары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 18 бұйрығымен бекітілген «Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алу қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Яғни, ашық тендер 05.10.2016 жылы сағат 14-00, «Жылыойгаз» ЖШС кеңсесінде өткізілді, тендерге қатысуға ниет білдірген ықтимал жабдықтаушылар болмауына байланысты, өткізілмеген деп танылды.

Сатып алу Қағидаларына сәйкес, бұндай жағдайда өнім өндірушімен тікелей келісім шарт жасақтауға рұқсат етіледі, сол бағытта жұмыстанып, жылдың аяғына дейін нәтижесі болатынына сенімдіміз.

2. Баға саясаты туралы.

Тұтынушылар бізбен табиғи газдың ақырғы бағасы бойынша есеп айырысады. Табиғи газдың ақырғы бағасы негізгі үш құрамдас бөліктен – табиғи газды сатып алу бағасы, табиғи газды тасымалдау тарифі және жабдықтау үстеме ақысынан құралады. Және салық заңдылығына сай қосылған құн салығы қосылады.

Табиғи газды сатып алу бағасы «Теңізшевройл» ЖШС-нің сату бағасы болып табылады, және 2014 жылдан бері жыл сайын 2,5 пайызға ғана көтеріліп отыр.

Бірақ сол 2014 жылдан бері қозғалып келе жатқан мәселе – «Теңізшевройл» ЖШС өндіретін газ көлемін толықтай «ҚазТрансГаз» АҚ-на өткізу. Қазіргі таңда да осы мәселеге қатысты келіссөздер жүргізілуде, және егер газды тікелей өндірушіден емес, аталған ұлттық оператордан сатып алатын болсақ, оның бағасы айтарлықтай өсетіні жасырын емес.

Табиғи газды тасымалдау тарифі «Жылыойгаз» ЖШС-нің тасымалдау шығындарының негізінде және табиғи монополия саласындағы заңдылықтарға сай бекітіледі және тиісті Департаменттің қатаң қадағалауында болады.

Жалпы, көгілдір отыр әр тұрғынға қолжетімді болып, газ кранын ашқан кезде жанып тұрғанмен, газды толассыз, тұрақты тасымалдау үшін бірталай шығын жұмсалатынын да баса айтып кету керек. Ондай шығындар қатарына газ құбырлары мен қондырғыларын күнделікті қамту, оларды жөндеу, жаңасына ауыстыру, қызметкерлердің еңбекақысы, материалдар сатып алу, электр энергиясы, әлеуметтік төлемдер, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, транспорт, байланыс, жылжымайтын мүлікті тіркеу, электрмен қамту жүйесін техникалық қамту жұмыстары, сақтандыру төлемдері, газдың нормативтік шығыны, газдың өндіріс қажетіне кететін шығыны, банк шығындары, салықтар, арнайы киімдер, құрал-жабдықтар, т.б. жатады. Біз бұл жерде шығындардың маңыздыларын ғана атап отырмыз. Және бұл шығындардың тек тасымалдау қызметіне қатысты бөлігі ғана тарифтік сметаға енгізіледі.

Жабдықтау үстеме ақысы серіктестіктің тарифіне енгізілмеген, бірақ тауарлық газды өткізу барысындағы шығыстарынан құралады, ол да Департамент келісімі арқылы қолданысқа енгізіледі.

Яғни, жабдықтау үстеме ақысына да жоғарыда аталып кеткендей шығындар, бірақ газ өткізу қызметіне қатысты бөлігі ғана енгізіледі.

3. Техникалық қамту қызметі.

Қазақстан Республикасының 09 қаңтар 2012 жылғы № 532-IV «Газ және газбен қамту туралы» заңының 19 бабына сәйкес коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылар тауарлық газын беруді жүзеге асыратын газ тарату ұйымымен немесе газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, мамандандырылған тәуелсіз ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті. Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелеріне және газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасаспай, оларды пайдалануға тыйым салынады.

Заңның өзінде осындай қатаң талап қойылу себебі – газды пайдалану өте оңай болғанмен, қауіпсіздік талаптары сақталмаған жағдайда ол өте қауіпті. Талай орны толмас

оқыс оқиғалар алдын алмағандықтың салдарынан болып жатады. Сондықтан, әр тұтынушы өз қауіпсіздігіне өзі жауапты екендігін естен шығармай, газ тұтыну жүйесіне тиісті күтім шараларын жасатып отырғаны дұрыс.

Техникалық қамту қызметінің ақысы серіктестік тарапынан бекітіледі және құзыретті органмен бекітілуге жатпайды.

Серіктестіктің күнделікті қызметі, соның ішінде тарифтерді өсіру, есепке алу аспаптарын кезекті тексеруден өткізу, техникалық қызмет көрсету мен тұтынушыларды пайдаланылған газ есебін жүргізу Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін Заңнамалар, Ережелер мен Нұсқаулықтарға сай жүзеге асырылатынын қайталап қаперлеріңізге бере отырып, серіктестік қызметінің ашықтығына сендіремін.

Тыңдағандарыңызға көп рахмет.

Ұсыныс, пікір, сұрақтарыңызға жауап беруге әзірмін.